

Н.К. Нышанбаев*, Ж.М. Төлен, Ж.Р. Ағыбай

«Тұран» университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

*e-mail: n.nyshanbayev@turan-edu.kz

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ» АЙМАҒЫ: КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ТАЛДАУ

XXI ғасырдың басында Орталық Азия өңірі қазіргі әлемнің аса маңызды геосаяси орталықтарының біріне айналды. XXI ғасырда халықаралық қатынастар жүйесінде аймақтардың маңыздылығының халықаралық қауіпсіздік тұрғысынан артуы, «Орталық Азия» аймағының Еуразиядағы маңыздылығын арттыруда. Мақалада халықаралық қатынастар жүйесіндегі «Орталық Азия» регионы, «Пост кеңестік Азия», «Үлкен Орта Азия», «Хартланд» тұжырымдамалары негізінде талдау жасалынады. Орталық Азия өңірінің халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлін зерттеу кезінде әртүрлі авторлардың: саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың, конфликтологтардың, халықаралық заңгер-ғалымдардың және халықаралық қатынастар жүйесінің әртүрлі деңгейлерде, оның ішінде өңірлік деңгейде қалыптасуын зерттеумен айналысатын ғалымдардың бірқатар жарияланымдары қаралып, пайдаланылды. Орталық Азия елдерін зерттеуде халықаралық қатынастар жүйесінде бірнеше ғылыми дискурс бар болғандықтан, аймақтың өзіндік зерттелу жүйесін қалыптастыру аса маңызды. Халықаралық қатынастар жүйесінің күрделене түсуі әдетте аймақ елдерінің ортақ бірегейлікке ұмтылуына ықпал етті. Орталық Азия елдеріндегі интеграциялық процестердің біркелке жүрмеуі аймақтағы трансұлттық мәселелердің шешілуін де баяулатуда. Мақалада, Орталық Азияны геосаяси аймақ ретінде қалыптасу рөлін бірнеше ғылыми дискурс негізінде талданады. Негізгі ғылыми әдістеме ретінде өңірдің геосаяси даму тарихына талдау жасала келе, Орталық Азия геосаяси даму тарихына талдау жасай отырып, аймақтағы әрбір қатысушының саяси рөліне талдау жасалынады. Әдебиеттерге шолу жасалу арқылы жинақталған ақпараттарды тұжырымдамалық талдау негізінде ғылыми анализ жасалып, қажетті қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: Орталық Азия, халықаралық қатынастар жүйесі, ғылыми тұжырымдамалар, геосаяси қатысушылар, «хартланд» теориясы.

N.K. Nyshanbaev*, Zh.M. Tulen, Zh.R. Akybay

University «Turan», Kazakhstan, Almaty,

*e-mail: n.nyshanbayev@turan-edu.kz

Central Asia region in the system of international relations: a conceptual analysis

At the beginning of the XXI century, the Central Asian region became one of the most important geopolitical centers of the modern world. Before starting to analyze the current position of the Central Asian States in the world political system, it is necessary to determine the geopolitical framework of this concept. The problem of regionalization of the "Central Asian region" phenomenon is still relevant. Increasing the importance of regions in the system of international relations in the twenty-FIRST century from the point of view of international security, positively increases the importance of the "Central Asia" region in Eurasia. The article analyzes the role of "Central Asia" in the system of international relations based on the concepts of "Central Asia", "post-Soviet Asia", "Greater Central Asia", "heartland". The article analyses the importance of Central Asian region in the world political system. The Central Asian region has become one of the most important geopolitical centers of the modern world. The geopolitical role of the region is determined by its intercontinental significance for trade and other relations between the countries of Europe, the Middle East and Asia. The history of the region's geopolitical development is analyzed as the main scientific method. In Central Asia, the political role of each participant in the region is analyzed based on the conceptual analysis of the data accumulated by reviewing the literature, a scientific analysis and the necessary conclusions are made.

Key words: Central Asia, international relations system, scientific concepts, geopolitical participants, "heartland" theory.

Н.К. Нышанбаев*, Ж.М. Төлен, Ж.Р. Ағыбай

Университет «Туран», Қазақстан, г. Алматы,

*e-mail: n.nyshanbayev@turana-edu.kz

**Регион «Центральная Азия»
в системе международных отношений:
концептуальный анализ**

В начале XXI в. регион Центральной Азии стал одним из важнейших геополитических центров современного мира. Прежде чем приступить к анализу современного положения государств Центральной Азии в мировой политической системе, необходимо определиться с геополитическими рамками данного понятия. Проблема регионализации феномена «регион Центральной Азии» до сих пор актуальна. Повышение значимости регионов в системе международных отношений в XXI веке с точки зрения международной безопасности позитивно влияет на значимость региона «Центральная Азия» в Евразии. В статье проводится анализ роли «Центральной Азии» в системе международных отношений на основе концепций «Средняя Азия», «постсоветская Азия», «большая Средняя Азия», «Хартланд». Регион Центральной Азии является уникальным геополитическим «узлом», связывающим четыре ядерные державы – Россию, Китай, Индию и Пакистан. В статье рассмотрены вопросы значения стран Центральной Азии в мировой политической системе. Регион Центральной Азии стал одним из важнейших геополитических центров современного мира. Геополитическая роль региона определяется его межконтинентальной значимостью для торговых и других связей между странами Европы, Ближнего Востока и Азии. В качестве основной научной методики анализируется история геополитического развития региона. Центральной Азии, анализируется политическая роль каждого участника в регионе. На основе концептуального анализа информации, накопленной путем обзора литературы, проведен научный анализ и сделаны необходимые выводы.

Ключевые слова: Центральная Азия, система международных отношений, научные концепции, геополитические участники, теория «хартланда».

Кіріспе

Орталық Азия аймағы халықаралық қатынастар жүйесінде геосаяси тұрғыда өте маңызды әрі өркениеттердің тоғысқан аймағы. «Орталық Азия» ұғымы ғылыми әдебиеттерде толық жүйелі түрде зерттелмегендіктен, өңірде бір-біріне қарама-қарсы дискурстар ғылыми әдебиеттерде қалыптасуда. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесіндегі «Орталық Азия» концепциясын ғылыми тұрғыдан талдау аса маңызды. Соңғы жылдары Орталық Азия аймағы (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан) халықаралық қауымдастық тарапынан мүдделер тоғысқан аймаққа айналып қана қоймай, геосаяси маңыздылығы артып келуде. Біздің пікірімізше, негізгі екі себепке байланысты. Біріншіден, аймақтың қуатты шикізат базасы және тиімді стратегиялық орналасуы. Екіншіден, Орталық Азия елдерінде жаңадан қалыптасып жатқан мемлекеттік институттың жаңа мыңжылдықтың шынайылығына тез бейімделіп, әлемдік саясат пен экономикаға сәтті кірігуінің жалғасып келе жатқан процесі. Алғаш рет «Орталық Азия» тұжырымдамасы 1843 жылы неміс географы Александр Гумбольдтың еңбегінде көрсетілді. А. Гумбольд пікірі бойынша бұл аймаққа «Ал-

тайдан оңтүстікке қарай Гималайдың солтүстік беткейіне дейінгі аумақтар» кірді (Murataliyeva, 2019). Кеңес Одағы кезінде әлемнің саяси картасында «Орталық Азия» аймағы болған жоқ, керісінше «Орта Азия және Қазақстан» термині біртұтас Кеңес мемлекетінің шекарасы шеңберінде қолданылды. КСРО саяси институт ретінде жойылғаннан кейін, жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттерді қарастыруда жаңа шекаралар мен терминологияны анықтаудағы маңызды кезең бастау алды. 1993 жылғы қаңтардағы өңірдің бес мемлекеті – Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы басшыларының Ташкент қаласында кездесуі болды. Осы ресми кездесу барысында Н. Назарбаевтың бастамасы бойынша кеңестік кезеңде қолданылған «Орта Азия және Қазақстан» ұғымынан бас тарту және «Орталық Азия» терминін қолданысқа енгізу туралы шешім қабылданды.

Орталық Азия қазіргі халықаралық қатынастарда маңызды рөл атқарады, ол әлемдегі ең ірі саяси қатысушыларының (Ресей, АҚШ, Қытай, ЕО) мүдделерінің қиылысу нүктесі, сонымен бірге әлемдегі ең ірі өркениеттер (Христиан, Конфуций және Ислам) құндылықтарының тоғысу әрі қақтығысу алаңы болып табылады.

Орталық Азия – әлем картасындағы негізгі геосаяси аймақ қана емес, оған бақылау орнату ірі дамушы экономикалар (ең алдымен Қытай) үшін логистика торабы мен стратегиялық шикізаттың басқа да түрлерінің жаһандық транзитін басқаруға және соның салдарынан олардың экономикалық өсуіне, жиынтық қуаты мен экспансия бағыттарына әсер етуге мүмкіндік беретін ең маңызды геосаяси нүкте деп алсақ болады. Өңір халықаралық қатынастар жүйесінде бірнеше ғылыми дискурстар негізінде зерттелуде. Патшалық Ресей, Кеңес Одағы, Ресей Федерация тарапынан Орталық Азияның зерттеу ғылыми еңбектері әдетте өте ұқсас, «периферия», пост-кеңестік мемлекеттер, бұрынғы «колония» елдері деп көрсетіледі. Алайда, Орталық Азия елдерін соңғы отыз жыл көлемінде батыстық оқымыстылар тарапынан да аса зор қызығушылықпен зерттеліп келуде. Орталық Азия аймағы батыстық ғалымдар тарапынан жаңа ғылыми дискурс негізінде зерделенуде. Нәтижесінде, Орталық Азия аймағы халықаралық қатынастар жүйесінде аса маңызды потенциалға ие, бүгінде өңір өзінің айрықша геосаяси маңызын сақтап отыр. Орталық Азия елдері халықаралық қатынастар жүйесінде жеке, тәуелсіз актор ретінде қалыптасып, маңызды позиция иеленгеніне көп уақыт болмады. КСРО құрамында жетпіс жылға жуық бодан, колония ел болуы халықаралық қатынастар жүйесінде жеке субъекті болып қалыптаспады. Алып коммунистер империясы ыдырағаннан кейін Орталық Азия стратегиялық тәуелсіз аймақ ретінде орнығуы көптеген ғылыми қауымдастықты аймақты зерттеуге қызығушылығын оятты. Орталық Азия өңірі қазірдің өзінде әлемдік ойыншылар мүдделерінің қақтығысуы ықтимал алаң болып отыр. Олардың ішіндегі ең ірілері – АҚШ пен ҚХР, РФ, Жапония, Оңтүстік Корея. Қазіргі таңда әлем монополярлық кезеңнен мультиполярлық кезеңге ауысуда, сондықтан АҚШ және жалпы «Батыстың» Орталық Азияға деген қызығушылығы соншалықты зор деп айтуға негіз бар. Аймақтың халықаралық қатынастар жүйесінде маңызының артуына мысал ретінде бірнеше дерек көздерін атап көрсетуге болады. Шетелдік дереккөздердің бірінші тобына аймақтық елдердің ғылыми зерттеу жұмысы, жинақталған тарихи құжаттар, мұрағат материалдары, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың құжаттары, баспа және электрондық БАҚ-тағы ресми жарияланымдар жатады. Батыс стра-

тегияларын зерттеудің маңызды көзі АҚШ Мемлекеттік департаменті мен Еуропалық Одақ Кеңесінің ресми құжаттары болып табылады. Шетелдік дереккөздердің екінші тобына халықаралық сарапшылар, дипломаттар және стратегиялық ойшылдар аймақ елдерін сыртқы көзқарас тұрғысынан зерделей білді. Мысалы Д. Смит, Л. Маруелб, Крис де Жардоно, П. Чабал сынды ғалымдардың еңбегін атап өтуге болады. З. Бжезинский, С. Хантингтон, Г. Киссинджер сияқты батыс ғалымдарының, саясаткерлер мен дипломаттардың еңбектерін бөліп көрсету. Тойнби, Моргентау, Дж. Най, олардың көпшілігі бұрын сыртқы саяси шешімдер қабылдау саласында жоғары ресми лауазымдарға ие болған.

Орталық Азия геосаяси тұрғыдан «шығыстың батысқа барар негізгі қақпасы» саналғандықтан батыс ғалымдары үшін Орталық Азия елдерінің ғылыми парадигмалық тұрғыдан зерттелінуі өте маңызды болды. Яғни, Орталық Азия елдері әлемдік қоғамдастықтың халықаралық қауіпсіздікке төнетін қатерлерге қарсы тұруының аса маңызды шептерінің біріне айналды. Бұл аймақтың өсіп келе жатқан халықаралық маңыздылығын және кез келген уақытта аймақтық категориядан халықаралық категорияға айналуы мүмкін қауіпсіздік қатерлерінің сипатын зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Қазіргі аймақ халықаралық қауіпсіздік, сауда жолдары тұрғысынан, тұтас ЕО үшін де негізгі регион ретінде қаралып отыр. Сонымен қатар, трансшекаралық қылмыстың басқа да түрлері жаңа қатерлердің пайда болуына байланысты елеулі өзгерістер іс жүзінде энергия көздеріне әлемдік бағалардың күрт өсуімен тұспа-тұс келген әлемнің жетекші елдерінің саяси басшылығының, әскери және дипломатиялық ведомстволары мен іскерлік құрылымдарының және тиісінше Орталық Азияға зерттеуші-ғалымдардың қызығушылығының елеулі өсуін тудырды. Қазіргі кезде ғылыми қауымдастықта бес көршілес мемлекетті көрсететін бірнеше мемлекет анықтайтын бірнеше ғылыми атау кездеседі. Орталық Азия, Орта Азия және Қазақстан, пост-кеңестік Азия, Үлкен Орталық Азия. Алайда аталмыш тұжырымдамалар арасында бірнеше ерекшеліктер мен ұқсастықтар бар. Бұл мақала барысында, жоғарыда аталған концепцияларды талқылай келе, Орталық Азия елдерінің халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнын анықтаймыз.

«Орталық Азия» аймағының қалыптасуы процесі. Орталық Азия – өркениеттер тоғысында

Орталық Азия елдерінде өзара тиімді саясат жүргізуіне бірден бір кедергі мемлекеттер арасындағы қалыптасқан проблемалар. Орталық Азия өңірінің бірқатар ішкі проблемаларын, бірінші кезекте – кедейшілік проблемасын тез әрі тиімді шешу талап етіледі, олардың шешілуін кешеуілдету көптеген этно-саяси қақтығыстардың туындауына негіз болады, олар ішкі проблемадан сыртқы проблемаларға, өңірлік проблемадан халықаралық проблемаларға ұласады.

Орталық Азия өңірінің халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлін зерттеу кезінде әртүрлі авторлардың: саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың, конфликтологтардың, халықаралық заңгер-ғалымдардың және халықаралық қатынастар жүйесінің әртүрлі деңгейлерде, оның ішінде өңірлік деңгейде қалыптасуын зерттеумен айналысатын ғалымдардың бірқатар жарияланымдары қаралып, зерттелінді. Қазіргі кезеңде халықаралық қатынастар жүйесіндегі Орталық Азия аймағының рөлі мен орнын зерттейтін отандық дереккөздерді бірнеше негізгі топқа бөлуге болады. Бұл еңбектерде Орталық Азия елдеріндегі саяси қатынастар проблемаларына және олардың әлемдік және өңірлік көшбасшылармен өзара іс-қимылына талдау жасалған. Сонымен бірге, бұл жұмыстарда АҚШ, Ресей және Қытайдың Орталық Азиядағы мүдделерінің өзара тәуелділігі мен қарама-қайшылығының тұтас көрінісі ұсынылған жоқ. Орталық Азия алдында тұрған көптеген маңызды проблемалардың (терроризм, трансшекаралық қылмыс, суды бөлу) трансұлттық сипаты бар. Британдық жаһанкөз, саяси ойшыл Х. Маккиндердің көзқарасы негізінен Атлантика мен Еуропа аумақтарына қатысты болған. Ол өзгермелі аймақтық және жаһандық ортадағы трансұлттық акторлардың рөлін, мінез-құлқын және маңыздылығын комплексті түрде сипаттайды. Х. Маккиндердің еңбектерінде шолулардың аймақтарға таралуы кең ауқымды болуының себебі бұл жаһандық жүйеде аймақ туралы тиімді дискурста өзгеріс алып келді. Бұл жүйелік теорияға байланысты аймақтың ішкі проблемаларынан: авторитарлық басқарудан, этникалық шиеленістен және азшылықтардың құқықтарынан, дін саясатынан, сыбайлас жемқорлықтан, теңсіздік пен кедейліктен, демографиялық тенденциялардан,

ауылдық және қалалық аудандар арасындағы теңсіздіктерден және аймақтық мәселелердің аймақтық шешімдерін жасай алмауынан туындайды. Орталық Азияның халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлін талдау барысында Х. Маккиндердің тұжырымы аса маңызды болып табылады. Оның пікірінше Орталық Азия гео-стратегиялық тұрғыдан өзге аймақтардан ерекшеленеді. Аймақ Ресеймен, Қытаймен, Ауғанстан, Иран, Пәкістан орналасқан әскери-саяси турбуленттілік аймақтармен шекараласады. Үндістан, Парсы шығанағы 2001 жылғы 11 қыркүйектегі террористік шабуылдан кейін Ауғанстандағы терроризмге қарсы операцияның басталуынан кейін аймақтың терроризмге, экстремизмге қарсы халықаралық күш-жігердегі және оларды қаржылық қамтамасыз ететін есірткі трафигіндегі рөлі едәуір артты.

Біріншіден, ағылшын геосаяси ойшылы Маккиндер пікірінше Орталық Азия аймағы римландты басқаруда ең маңызды аймақ болып табылады. Әрине Маккиндер пікірі ХІХ ғасырдағы Британ империясының Орталық Азияға деген саясатын көрсетеді.

Халфорд Маккиндер өз кезегінде Орталық Азияны басқаратын адам әлемде үлкен күшке ие болады деп атап өтті (Ahgari, 2003). Маккиндер теориясына сүйене отырып, “Орталық Азия бүкіл Еуразия қауіпсіздігінің кілті болып табылады” деп мәлімдейді (Sloan, 1999). Маккиндер схемасында “әлемнің осіне “қатысты анықталған екі негізгі нүкте бар деп көрсетеді”. Бұл Еуропа, Таяу Шығыс, Оңтүстік және Шығыс Азияның континенталды” аймағы (спайкманның” Римланд “тұжырымдамасының негізі) және Америка, Ұлыбритания, Оңтүстік Африка, Австралия және Жапонияның мұхиттық тоғысқан бөлігі болды. Маккиндердің теориясы бойынша, Шығыс Еуропаны кім басқарса, ол хартландты басқарады; Хартландты кім басқарса, әлемді – аралды басқарады; Әлемдік-аралды кім басқарса, ол әлемді басқарады (MacKinder, 1919). Бұл тұстағы «хартланд» Орталық Азия. Эдвардс пікірінше теориялық негіздерге сүйене отырып, өзге «ойыншылардың» әрекетін ескермей жасаған геосаяси тұжырым әдетте тек идея күйінде қалып қояды деп қорытындылайды. О’Хара тұжырымы бойынша Орталық Азия 1991 жылдан бастап Сыртқы державалар арасындағы ең басты бәсекелестік алаңына айналды деп, Маккиндердің хартланд идеясының өміршеңдігін қолдайды (O’Hara, 2004). Феттвейстің пікірінше, Маккиндердің идеяларын қазіргі Орталық Азияға қолдану

өте орынсыз, өйткені аталмыш теориялар Орталық Азия елдерін жеке саяси, біртұтас аймақ ретінде емес, жекелеген мемлекеттерді жеке қарастырады. Алайда Орталық Азиядағы проблемалардың басым көпшілігі мемлекет аралық (Fettweis, 2019). Маккиндер теориялары, Орталық Азияның халықаралық қатынастар жүйесіндегі ролін анықтауда баламалы көзқарас ұсынатындығы ақиқат. Маккиндер пікірінше

Орталық Азия тұтас Еуразия алабының жүрегі, Еділ, Енисей, АМУ және Сырдария сияқты өзендерге тікелей шығудың торабы. Себебі, бұл өзендер кең әлеммен байланыспайды, керісінше үлкен ішкі көлдерге қол жетімді емес, алып мұхитқа шыға алмайды. Осылайша, бұл "тірек нүктесі" теңіз күштерінің шабуылына іс жүзінде қол жетімсіз болды, бірақ сонымен бірге үлкен халықты қолдауға қабілетті болды.



Сурет – Халфорд Маккиндердің “өзек” және “Хартланд” белгілері және Орталық Азия республикалары

Екінші бір көзқарас, Орталық Азия елдеріне тек ғана XX ғасыр көзқарасында ғана баға беретін, өз ара байланысты Орта Азия және Қазақстан, пост Кеңестік Орталық Азия ұғымдары. КСРО ыдырағаннан кейін Ресей Федерациясы тарапынан қарастырылған пост колониалды атау. XIX ғасырда Ресей империясы 17-18 ғасырларда Сібір және Орынбор казактары отарлаған қазіргі Қазақстанның солтүстік бөлігін қоспағанда, Орта Азияның көп бөлігін жаулап алды. Орыс билігі кезінде Орталық Азия Түркістан Генерал-губернаторлығына (астанасы Ташкентте) және Дала генерал губернаторлығына (астанасы Омбыда) бөлінді. Бұхара әмірі мен Хиуа хандығы большевиктер жеңген кезде 1920 жылға дейін Ресей протекторатының астында автономды болып қала берді. 1920-1930 жылдары Кеңес өкіметі кезінде Орталық Азияның аумақтық бөлінуі бірнеше рет өзгеріске ұшырады, тек 1936 жылы Кеңес Одағы бес тәуелсіз

мемлекеттің Республика мәртебесін алды және олардың қазіргі шекаралары пайда болды. 1920 жылдарға дейін Орталық Азия экономикасы өзінің дәстүрлі аграрлық-бақташылық бейінін сақтап қалды, бұл өңір халқының басым түрде көшпелі және ауылдық сипатын көрсетті. Индустрияландыру 1930 жылдары Сталин дәуірінде басталды және екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес Одағының еуропалық бөлігінен көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындар Орта Азияға эвакуацияланған кезде күшейе түсті. Сонымен бірге үлкен Ферғана каналы сияқты ірі суару жобалары жүзеге асырылды. Кеңес Одағының басқа бөліктеріндегідей, ауыл шаруашылығы 1930 жылдардың басында күштеп ұжымдастырылды. Орталық Азия аумағы сәйкесінше, дербес аймақ ретінде маңыздылығын жоғалтып, Кеңес Одағының перифериялық регионы сипатында ғана қалыптасты.

Кеңестік Орталық Азияны жаңғыртудың адами шығындары орасан зор болды. Оларға 1920-1930 жылдардағы аштықтың бірнеше кезеңін, 1930 жылдардағы репрессия мен террор, Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келген саяси қарсыластар түрмеге қамалып, көп мөлшерде қайтыс болған еңбек лагерьлерінің үлкен желісінің құрылысы (ГУЛАГ жүйесі деп аталады), сондай-ақ Кеңес Одағының еуропалық бөлігінен халықтың жаппай қоныс аударуы кірді. Бұл процестер, аймақтың бірегейлігін ғана жойып қоймай, халықаралық қатынастар жүйесіндегі өз өзін анықтау қабылетін өзгертті. Балтық және Кавказ аймақтарынан айырмашылығы, Орталық Азия республикалары кеңес дәуірінің соңында Ұлт-азаттық қозғалыстардың алдыңғы қатарында болған жоқ. 1991 жылдың қарашасына дейін олардың басшылары кеңес президенті Михаил Горбачевпен “жаңартылған” келісім бойынша келіссөздерге қатысты. Алайда, 1991 жылы желтоқсанда Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, жергілікті саяси элита (Кеңес Одағы Коммунистік партиясының республикалық құрылымдарының бұрынғы басшылары) бұл мүмкіндікті қолға алып, коммунистік идеологияларға емес, ұлттық негіздерге негізделген жаңа авторитарлық режимдер (Қырғызстаннан басқа) құра бастады. Біздің ойымызша, тәуелсіздік алған кезеңде ел басшылығына бұрынғы коммунистік лидерлердің келуі, Орталық Азия аймағының халықаралық қатынастар жүйесінде жеке тәуелсіз қатысушы емес, өзін өткенмен байланыстыратын «пост кеңестік» сипаттағы ел, аймақ ретінде көрсетті.

КСРО ыдырағаннан кейін “Орталық Азия” термині саяси мәнге ие болды және аймақ ішінара оны мекендейтін елдер мен халықтардың географиялық, этникалық, діни және тарихи қауымдастықтарының бірегейлігін көрсетті. Әрине 90-жылдардың басында Орта Азияның географиялық ұғымының саяси мағынасы мен Орталық Азия терминінің бірегейлігі туралы ғалымдар арасында пікірталас туындады. Атап айтқанда, Орта Азия немесе Орталық Азия бойынша аймақтық бірегейлікті қалыптастыруда қандай шаралар жүргізу қажет екендігі туралы мәселе талқыланды? Нәтижесінде, 1993 жылы қаңтарда Бес Орта Азия республикалары басшыларының кездесуі кезінде “Орта Азия” (Middle Asia) терминін пайдаланудан бас тартып және одан әрі “Орталық Азия” (Central Asia) атауын қолдану туралы шешім қабылданды (Саммит 1993). Осылайша, өңір мемлекеттеріне географиялық жағынан ғана

емес, саяси жағынан да Еуразия алқабында маңызды саяси ойыншы болуға алғашқы қадам жасады. Әлбетте, мемлекет басшылары Орталық Азияны аймақтандыру, яғни жаһандық, әмбебап стандарттар нысандары мен ережелері негізінде мемлекетаралық қатынастарды құру процестері жүретінін негізге алды. Өкінішке орай, соңғы 30 жыл ішінде өңірді аймақтандыру болған жоқ, және ол қазіргі уақытта аймақтық тұтастыққа қарағанда географиялық әртүрлілік сипатқа ие. Бұл жағдайда Орталық Азиядағы жетекші геосаяси ойыншылардың геостратегиялық ұмтылыстарына сәйкес аймақтың дамуының әртүрлі сценарийлерін анықтайтын ішкі және сыртқы себептерді анықтау маңызды. Орталық Азия елдеріне қатысты көптеген тұжырымдамалық тәсілдердің ішінен біз осы өңірдің тағдыр шешті мәселелерін шешуді айқындайтын түйінді мәселелерді ғана бөліп көрсетуге тырыстық (Laruelle, 2013). Үшіншіден, Орталық Азия бір жағынан логистикалық коридор сипатында, ҚХР тарапынан жаңа жібек жолы сипатында қарастырылса, келесі жағынан Еуропалық Одақ пен АҚШ тұрғысынан алғанда буферлік геосаяси аймақ ретінде қарастырылады. Бүгінде Орталық Азия мемлекеттерінің дамуында тұтастай алғанда оң динамика бар деп айтуға негіз бар. Олар саяси тұрғыдан нығайды, экономикада, соның ішінде мұнай-газ саласы мен гидроэнергетикада оң өзгерістер орын алуда, олардың сыртқы сауда және инвестициялық байланыстары кеңеюде. Орталық Азия елдері (Түрікменстанның бейтарап мәртебесі бар елдерді қоспағанда) ЕурАзЭҚ (Өзбекстан 2008 жылғы қазанда осы ұйымға мүшелігін тоқтатты), ҰҚШҰ және ШЫҰ сияқты күш алатын өңірлік бірлестіктердің құрамына кіреді. Олардың ұстанымы әрине БҰҰ мен ИКҰ төрінде ескеріледі. Өңір атынан өкілдік ететін Қазақстан 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы, 2017-2018 ж. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақсыз мүшелігіне сайланды. Осылайша, Орталық Азия біртіндеп халықаралық өмірдің дербес және маңызды факторына айналуға бастады. Орталық Азия республикаларына қатысты америкалық сарапшылар тарапынан ұсынылған геосаяси тұжырымдамалық модельдердің ішінде Үлкен Орталық Азия (УОА) тұжырымдамасы Орталық Азия аймағына Америка Құрама Штаттарының саяси ұстанымын түсінуде және Еуразия орталығының ықпалы мен бақылауының сақталуын түсінуде өте маңызды. Сонымен қатар, тұжырымдама авторлары Орталық Азия мен Ауғанстан және ҚХР ШҰАА біріктіре отырып

Үлкен Орталық Азия ұғымында талдайды. Яғни, «батыс» қоғамы үшін Орталық Азия аймағы пост кеңестік аймақ ретінде емес, еуразиялық коридор ретінде зерттейді. ҰОА (соңғы кезде С5+1 форматына ауысты) тұжырымының қалыптасуы аймақтағы күштер тепе-теңдігінің Ресей мен ішінара Қытайдың пайдасына өзгеруіне байланысты және екі державаның геосаяси сын-қатеріне барабар стратегиялық жауап беру

қажеттілігінен туындады (Старр, 2005). Алайда, қазақстандық сарапшы Ю. Булуктаев пікірінше, аумақтың ортақтығы, тарихы, мәдениеті, этникалық тамыры, тілдік жақындығы, мұсылман әлеміне жататындығы түріндегі ортақ объективті негіздердің болуына қарамастан, Орталық Азияның аймақтық бірегейлігі өзінің толық қалыптасқан интеграциясынан әлі алыс, қалыптасу сатысында (Engvall, Cornell, 2015).

1-кесте – Орталық Азия елдерінің интеграция тарихы

	Ұйымдар	Құрылған жылы	Құрылу мақсаты	Жүзеге асу барысы
1.	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы	1991	Тәуелсіз елдер достастығы	Жартылай жүзеге асты
2.	Орталық Азия Ұйымы	1991	Аймақтық интеграция	Жүзеге аспады
3.	Орталық Азиядағы экономикалық одақ	1994	Аймақтық интеграция	Жүзеге аспады
4.	Еуразиялық экономикалық одақ-5	2000	Экономикалық интеграция	Жартылай жүзеге асты
5.	Шанхай, Ынтымақтастық Ұйымы	2001	Терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы күрес және жалпы экономикалық кеңістік құру	Жүзеге асу барысында
6.	Еуразиялық экономикалық одақ-3	2005	Экономикалық интеграция	Жүзеге асты
7.	Кеден Одағы	2011	Экономикалық интеграция	Жүзеге асу барысында
8.	Еуразиялық Экономикалық Одағы	2015 жылдан бері	Экономикалық интеграция	Жүзеге асу барысында

Қазақстандық ғалым М. Лаумулин, АҚШ-тың Орталық Азияға қатысты сыртқы саясаты мен шетелдік саясаттану туралы монографиясында, “Үлкен Орта Азия” тұжырымдамасына кеңінен тоқталады. М. Лаумулин бұл тұжырымдаманы сипаттай отырып, онда аймақтың қауіпсіздігінде батыстың мүмкіндіктері шектеулілігі туралы тезис бар екендігін алға тартады. Яғни, Орталық Азия елдері ҰОА тұжырымдамасы негізінде аймақтағы геосаяси қайшылықтардың алдын алады деп тұжырымдайды. (2007). Әр түрлі геосаяси тұжырымдамаларды, теорияларды немесе стратегияларды, әдетте Орталық Азия контекстінде қолдануда ғылыми концепциялардың айқындылығына баса назар аудару қажет. Соңғы 30 жыл бойына аймақтың халықаралық қатынастар жүйесінде дамуы, қалыптасуы аса маңызды трансформациялық кезеңдерді бастан өткерді. Өзбекстандағы, Тәжікстандағы, Қырғызстандағы, Қазақстандағы этносаралық, мемлекетаралық, су-экологиялық шиеленістің негіздері саясиландырылып қана қоймай, геосаясатқа да алып келуі мүмкін болатын сценарийді өңір басшылары, саяси

ойшылдары ұғына алды. Мысалы 1-кестеде көрсетілген Орталық Азия елдерінің ортақ мүдде айналасында белгілі бір деңгейде ұйыса алуы, аймақтық халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды геосаяси ойыншы ретінде қалыптасуына алғышарттар жасай алды. Орталық Азияның даму тарихы мен посткеңестік кезеңдегі жаңа өзгерістер сырттан келетін қауіп-қатерлер мен сын-тегеуріндердің күшеюін алдын ала айқындап берді. Әрине, бұл аймақтағы ықпал ету салалары үшін жетекші геосаяси ойыншылардың бәсекелестігін көрсетеді. Әрине, теориялық және тұжырымдамалық ережелер белгілі бір дәрежеде Орталық Азиядағы жетекші державалардың геостратегиялық мүдделерінің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы (ШЫҰ) аясында Ресей мен Қытай арасында аймақтағы ықпал ету салалары үшін күрес ұйымы құрылған кезеңнен бастап орын алып келуде (Dadabaev, 2014). Егер мұнда Қытайдың экономикалық артықшылығы айқындала түссе, онда Ресей әлі де саяси ықпалға, тарихи қалыптасқан байланыстарға, дәстүрлерге және аймақтағы

орыс тілді халықтың белгілі бір үлесіне ие екендігін ғана алға тарта отырып аймақтағы белсенділігін ұстап қалғысы келеді. Орталық Азия елдері алдымен өзарасында қалыптасқан мәселелерді шешуде ортақ ұстанымға келгенше, аймақты «үлкен ойыншылар» тарапынан геосаяси мақсатқа жетудегі құрал ретіндегі мақсаты маңызын жоймайды. Себебі, соңғы бірнеше декада бойында Куба, Ауғанстан, Ирак, Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері мысалында өзара ортақ, ұқсас геосаяси ойын сценарий траекториясын көрдік.

Осылайша, Орталық Азия республикалары дамуының осы кезеңіндегі аймақтық, әлеуметтік-экономикалық, этносаралық, мемлекетаралық жағдай Ресей, Қытай және АҚШ үшін аймақтағы үстемдік тұрғысынан бірдей мүмкіндіктер туғызуда. Алайда, геосаяси серіктестер арасындағы қалыптасқан “тепе-теңдік балансы” ШЫҰ аясында Ресей мен Қытай арасындағы уақытша ынтымақтастық формасында “әрбір елмен жеке байланыс” формасында параллельді түрде жүзеге аса беретін болмақ (Абдрахманова, 2019). Сыртқы ойыншылар белсенділігінің күрт өзгеріске ұшырауы мұнда автоматты түрде бәсекелестік пен жасырын қақтығыстың шиеленісуіне әкеледі. Қалыптасқан жергілікті және көп жағдайда баламалы қауіпсіздік жүйелері (бір жағынан, ҰҚШҰ – ШЫҰ, екінші жағынан – НАТО жобалары) іс жүзінде жалпы тұрақсыздық пен өзара сенімсіздікті күшейтеді. Бұл жүйелерді саяси немесе халықаралық-құқықтық біріктіру әлі мүмкін емес (Davis, Sweeney, 2004). Әрине, бұл процестер аймақтағы елдердегі жағдайға айтарлықтай әсер етеді. Екінші жағынан, Орталық Азияны аймақтандыру оған кіретін елдердің ұлттық мүдделеріне қайшы келуі мүмкін процестерге жауап болады. Мұндай жағдайда Орталық Азияның қандай геосаяси қатысушылармен

біртұтас экономикалық кеңістік құруы тиіс және мұның қаншалықты орынды болатыны туралы мәселе ашық күйінде қалып отыр.

Қорытынды

Орталық Азия елдері әлемдік қауымдас-тыққа жеке тәуелсіз ел ретінде танылып, халық-аралық институттарға мүше болып өзінің маңыздылығының артқанына 30 жыл ғана болғанымен, аймақ елдері соңғы мыңдаған жылдар бойы өркениеттің ошағы, халықаралық сауда жолы мен логистика торабы болды. Орталық Азия елдері арасындағы қарым-қатынаста қазіргі күнге дейін шешімін таппаған мәселелер баршылық. Сонымен қатар, аймақ құрылымдық, тұжырымдамалық тұрғыдан бір-тұтас аймақ ретінде зерттелуде. Орталық Азия өңірі мемлекеттерінің әлемдік саяси жүйедегі рөліне жасалған талдауды қорытындылай келе, мынадай маңызды шарттамалармен қорытамыз:

* Орталық Азияның геосаяси ландшафтының қалыптасуы қазіргі кезеңде белсенді сатыда тұр;

* Өңір және оның ресурстық, экономикалық, саяси маңыздылығы басқа халықаралық қатынастар жүйесіндегі негізгі акторлардың мүддесіне сай келуде;

* Орталық Азия өңірінің әрбір мемлекетінің түпкі мақсаты қоғамның қоғамдық қатынастардың бір түрінен – мемлекеттік жоспарлаудан екіншісіне – еркін нарықтық қатынастарға өтуін қамтамасыз ету болып табылады;

* Тиімді сыртқы саяси желі жүргізу үшін барлық Орталық Азия мемлекеттеріне өңіршілік тайталасу саясатынан бас тарту, жалпы өңірлік даму бағдарларын табуға тырысу маңызды. Сонда ғана Орталық Азия елдері халықаралық қатынастар жүйесінің дербес қатысушы болып, әлемдік саясаттың объектісінен субъектісіне айнала алады.

References

- Абдрахманов Г.К Роль Казахстана в региональной интеграции на евразийском пространстве. – Алматы, КазНУ, 2019. – С. 114.
- Ahrari, E, “The Strategic Future of Central Asia: A View from Washington,” *Journal of International Affairs*, Vol. 56, No.2. 2003. – С. 159.
- Aris S. (2011) *The Eurasian Regionalism: the Shanghai Cooperation Organization*. – Basingstoke: Macmillan.
- Dadabaev T. *Shanghai Cooperation Organization (SCO) Regional Identity Formation from the Perspective of the Central Asia States // Journal of Contemporary China (Routledge)*. Vol. 23, Issue 87, pp. 102-118. 2014.
- Davis J.K., Sweeney M.J. (2004) *Central Asia in U.S. Strategy and Operational Planning: Where Do We Go from Here?* The Institute for Foreign Policy Analysis, February 2004.
- Engvall J, Cornell S.E. *Asserting Statehood: Kazakhstan’s Role in International Organizations*. – Washington, DC: Central Asia- Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, p. 73, 2015.

- Fettweis, C, "Sir Halford Mackinder, Geopolitics, and Policymaking in the 21st Century," *Parameters*, U.S. Army War College Quarterly, Summer, pp. 5871: available at [<http://www.carlisle-www.army.mil/usawc/Parameters/00summer/fettweis.htm> 2000.
- Laruelle M. (ed.) *Migration and social upheaval as the face of globalization in Central Asia*. – Leiden, Brill. p. 413, 2013.
- Laumulin M «The geopolitics of XXI Century in Central Asia» (Almaty, 2007), p. 33.
- Mackinder, H. (1919) *Democratic Ideals and Reality: A Study in the Politics of Reconstruction*, Constable and Company, London, p. 194.
- Megoran N, Sharapova S, (2013), *Central Asia in International Relations: The Legacies of Halford Mackinder* (Columbia/Hurst). https://www.jstor.org/stable/26323024?seq=1#metadata_info_tab_contents

References

- Abdrahmanov G.K (2019) *Rol Kazakhstana v regionalnoi integratsii na evraziiskom prostranstve*. – Almaty KazNU, [The role of Kazakhstan in regional integration withing the Eurasian space] p 114. [in Russian].
- Ahrari, E (2003) "The Strategic Future of Central Asia: A View from Washington," *Journal of International Affairs*, Vol. 56, No. 2., p. 159.
- Aris S. (2011) *The Eurasian Regionalism: the Shanghai Cooperation Organization*. – Basingstoke: Macmillan.
- Dadabaev T. (2014) *Shanghai Cooperation Organization (SCO) Regional Identity Formation from the Perspective of the Central Asia States* // *Journal of Contemporary China* (Routledge). Vol. 23, Issue 87, pp. 102-118.
- Davis J.K., Sweeney M.J. (2004) *Central Asia in U.S. Strategy and Operational Planning: Where Do We Go from Here?* The Institute for Foreign Policy Analysis, February 2004.
- Engvall J, Cornell S.E. (2015) *Asserting Statehood: Kazakhstan's Role in International Organizations*. – Washington, DC: Central Asia- Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, p. 73
- Fettweis, C (2000) "Sir Halford Mackinder, Geopolitics, and Policymaking in the 21st Century," *Parameters*, U.S. Army War College Quarterly, Summer, pp. 5871: available at [<http://www.carlisle-www.army.mil/usawc/Parameters/00summer/fettweis.htm>]
- Laruelle M. (2013) (ed.) *Migration and social upheaval as the face of globalization in Central Asia*. – Leiden, Brill. p. 413
- Laumulin M «The geopolitics of XXI Century in Central Asia» (Almaty, 2007), p. 33/
- Mackinder, H (1919) *Democratic Ideals and Reality: A Study in the Politics of Reconstruction*, Constable and Company, London, p. 194.
- Megoran N, Sharapova S, (2013), *Central Asia in International Relations: The Legacies of Halford Mackinder* (Columbia/Hurst). https://www.jstor.org/stable/26323024?seq=1#metadata_info_tab_contents
- Muratliev N.T (2017) *Istoria vozniknovenie poniatia Centralnaia Asia* [The history of emergence of the concept of Central Asia] available at URL: <http://www.easttime.ru/reganalitic/1/193.html> [in russian].
- O'Hara, S (2004) "Great Game or Grubby Game? The Struggle for Control of the Caspian," *Geopolitics*, Vol. 9, No. 1, , p. 147.
- Sloan, G (1999) "Sir Halford J. Mackinder: The Heart-land Theory Then and Now," *Journal of Strategic Studies*, Vol. 22, No. 2/3. p. 32.
- Summit glav gosudarstva Centralnoi Asii (Summit of Central Asian presidents), Tashkent, January 1993 [in Russian] Starr F. (2005) "Partnership for Central Asia", "Foreign Affairs", 2005., <https://www.foreignaffairs.com/articles/asia/2005-07-01/partnership-central-asia>